www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube Facebook Telegram
№35 /sársenbi/ 26 tamyz 2026 jyl

## АНОНС!

«ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯН» ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ РАСТАЛҒАН ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

6 - бетте

8 - бетте

ВАУЧЕРЛІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ПИЛОТЫ БАЛАБАҚША КЕЗЕГІНІҢ ҚЫСҚАРУЫНА ЫҚПАЛ ЕТТІ

МҮМКІНДІКТЕР АСПАНЫ: ТЕРМИНАЛДАР, ТРАНЗИТТІК АВИАХАБТАР МЕН МАРШРУТТАР ҚАЗАҚСТАНДЫ ӘЛЕММЕН ҚАЛАЙ БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ?

6 - бетте



# ПРЕЗИДЕНТ ПӘН ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫНА СЫЙАҚЫ СЕРТИФИКАТТАРЫН ТАБЫСТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада халықаралық пән олимпиадаларында жеңімпаз атанып, жүлделі орындарға ие болған оқушылармен және студенттермен кездесті.

Салтанатты іс-шараға 21 лауреат, сондай-ақ олардың ұстаздары мен тәлімгерлері шақырылды. Физика, химия, биология, математика, информатика, география және лингвистика пәндерінен беделді білім сайысында топ жарған жеңімпаздардың алтауы – алтын медаль, он бірі – күміс, төртеуі – қола медаль иегерлері.

Президент білім сайысында үздік нәтижеге қол жеткізген дарынды жастарды жарқын жеңісімен құттықтап, оларға шынайы ризашылығын білдірді.

– Әрқайсыңыз әлемнің ең зияткер оқушыларымен бәсекеге түсіп, беделді білім додаларында топ жардыңыздар. Көк Туымызды биікке көтеріп, еліміздің абырой-беделін арттыруға мол үлес қосып жүрсіздер. Біз сіздерді мақтан тұтамыз. Қазақстанның жарқын болашағы – ойы ұшқыр, білімді, дарынды жастардың қолында. Мен Мемлекет басшысы ретінде бәріңізге зор ризашылығымды білдіремін. Сіздер ел мақтанышы деген атқа лайықсыздар! – деді Мемлекет басшысы.

Президент салтанатты рәсімде халықаралық пән олимпиадаларында алтын, күміс және қола медаль иеленген оқушылар мен студенттерге сәйкесінше 1500, 1000 және 500 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қаржылай сыйақысы бар сертификаттарды табыстады.

Ал шәкірттері беделді халықаралық жарыста топ жарған ұстаздар мен тәлімгерлер жоғары мемлекеттік наградалармен марапатталды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен білім беру саласындағы аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін Астана қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі Мейрамгүл Кенжехановаға, Алматы қаласындағы №134 лицей мұғалімі Ирина Нестеренкоға – **«Құрмет» ордені**, «Edlight Academy» әдіскері Жанболат Жолгелдиевке, Қарағанды қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі Қарлығаш Жолдыбаеваға, «Haileybury Almaty» мектебінің мұғалімі Владимир Жукке, Өскемен қаласы Білім-инновация лицейінің мұғалімі Айгүл Сейітдәулетке – **«Ерен еңбегі үшін» медалі**, Қызылорда қаласындағы Білім-инновация лицей-интернатының мұғалімі Батыр Жарқынға, Талдықорған қаласындағы №24 лицей мұғалімі Меруерт Абаеваға, Павлодар қаласындағы Білім-инновация лицей-интернатының мұғалімі Олжас Әмзеевке, Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебінің мұғалімі Бақыт Мамышевке **«Шапағат» медалі** берілді.

**«Айғақ»-ақпарат.**



Сурет: ЖИ

# Қ.СӘТБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖЕЗҚАЗҒАН КЕНІШІН ИГЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Он екі жасында ауыл мектебінен сауат ашып, Павлодардың орысша-қырғызша училищесінде білім алған Қаныш 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқиды. Қаныштың жаратылыстану пәндеріне деген қызығушылығы училищеде оқып жүргенде басталды.**

Мұғалімі Николай Алексеев пәнін өте ұғынықты түсіндіріп, Ертістің жағалауына оқушыларды апарып, тоғай ішінен гербарий жинатады, телескоп арқылы аспан әлемін таныстырады. Ең бастысы-жүрген жерлерінен тас жинатып, оның ғылымға пайдасы зор зат екенін түсіндіреді. Қала іргесіндегі Коряков тұз кәсіпшілігіне де саяхаттатады. Тұздың қабыршықтану құбылысы «кристалдану» деп аталатынын да осы ұстазынан естіп еді. Қаныш Сәтбаев кейін естелігінде осы тұз кенішідегі қазақтардың жұмысын еске алады.

Оқуды бітірген соң ауылында мұғалім және халық соты болып қызмет атқарып жүрген кезінде Томскінің технологиялық институтының геология ғылымдарының профессоры М.А. Усовпен туған жерде кездеседі. Баянауылға қымызбен емделуге келген профессор Қаныштың бойынан талай жақсы қасиеттерді аңғарады. Қазаққа бейтаныс, ділгір кәсіптің иесі Қаныш болуы қажет –деген оймен оған геология жайлы, жердің асты-үстін ақтарып, барлауды айтады. Қаныш та бала кезден тау-тасқа, табиғатқа зер салып, жер қыртыстары туралы білгісі келгендіктен профессордың пікірлері оны белгісіз құпия мамандыққа итермелейді. Осы кездесу Қаныштың өмірін басқа арнаға бұрады. Профессордың жердің құрылысы, оның қазба байлықтары туралы әңгімесінен кейін оқуды одан әрі жалғастыру қажеттігін сезген ол 1921 жылдың күзінде Томскінің технологиялық институты тау-кен факультетінің геологиялық барлау бөліміне студент болып қабылданады.

Бұл факультет 1901 жылы ашылып, оның алғашқы деканы болып В.А.Обручев тағайындалады. Владимир Афанасьевич Сібірді жан-жақты зерттеген, Орта Азияға көптеген ғылыми саяхаттар жасаған танымал тұлға еді. Тәжірибелі геолог жаңадан ашылған оқу орнына көп өзгерістер әкеледі. Сол кездегі техникалық оқу орындарында жүзеге аспаған жаңа оқу бағдарламаларын енгізеді. Теориялық сабақтарды барынша азайтып, практикалық курстарды көбейтеді және олар тәжірибені кеніштерде өтуі тиіс. Басқа оқу орындарында төртінші курста өтетін «Жалпы геологияны» бірінші курсқа енгізеді. Сонымен қатар «Жалпы және далалық геология», «Петрография», «Қазба байлықтар» деп аталатын жеке-жеке курстарды геология кафедрасына енгізіп, оларды кеңінен оқытуды міндеттейді. Осы курстар бойынша кабинеттер, геология саласы бойынша жазылған ғылыми еңбектерге арналған кітапхана да ұйымдастырылады. Қаныш оқуға түскен кезде мұнда үш мыңнан астам кітап қоры болды. Осы кітаптардың ішінен И. Вальтердің «Шөл даланың қазіргі және бұрыңғы кездегі түзілу заңдары»[1] деген ғылыми шығармасын оқығаннан кейін студент Қаныш жер бедерлерінің қалайша пайда болғанын түсіне бастайды.

Жалғасы 4-ші бетте

**Түркістан облысындағы тарихи «Түлкібас» теміржол вокзалы толық жаңғыртылып, жолаушылар игілігіне берілді. Заманауи нысан ауданның көлік инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтеріп, тұрғындар мен қонақтарға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.**

# ТҮЛКІБАС ВОКЗАЛЫНЫҢ




Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көлік инфрақұрылымын жаңғырту және халыққа қолайлы орта қалыптастыру жөніндегі тапсырмалары аясында елімізде теміржол вокзалдарын жаңарту жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Осы ауқымды жұмыстың нәтижесінде Түркістан облысындағы «Түлкібас» теміржол вокзалы да толық жаңғыртылып, пайдалануға берілді.

Түлкібас кентінде орналасқан жаңа вокзалды ашылу рәсіміне Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров қатысып, нысанның материалдық-техникалық базасымен және жолаушыларға көрсетілетін қызмет түрлерімен танысты.

Салтанатты шарада өңір басшысы жаңарған вокзалдың Түлкібас ауданы үшін маңызы зор екенін атап өтті.

– Түлкібас ауданы үшін тарихи маңызы зор жаңартылған теміржол вокзалының ашылуымен баршаңызды құттықтаймын. Тарихы терең бұл вокзал алғаш рет 1916 жылы салынған. Арада ғасырдан астам уақыт өткен соң нысан заманауи талаптарға сай жаңғыртылып отыр. Жаңа вокзал тұрғындар мен қонақтарға сапалы әрі қолайлы қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл нысан ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беріп, Түлкібастың жаңа келбетін айшықтайтын маңызды нысанға айналады деп сенемін, – деді Нұралхан Көшеров.

Жаңарған вокзалдың мүмкіндігі де кең. Нысан тәулігіне 186 жолаушыға сервистік қызмет көрсетуге қауқарлы. Мұнда жолаушылардың сапар алдында жайлы уақыт өткізуіне барлық жағдай қарастырылған. Атап айтқанда, 90 орындық кең күту залы, билет кассасы, анықтама бюросы мен асхана жұмыс істейді.

Әлеуметтік қажеттілік те назардан тыс қалмаған. Вокзалда ана мен балаға арналған бөлме, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған арнайы бөлме, медициналық пункт пен оқшаулау бөлмесі қарастырылған. Көліктегі полиция бөлімінің қызметтік кабинеті де бар.

Нысанның басты ерекшеліктерінің бірі – оның қолжетімді орта қағидатына сай жабдықталуы. Заманауи лифт орнатылып, ерекше қажеттілігі бар азаматтардың вокзал ғимаратына кедергісіз қатынауына мүмкіндік жасалған. Санитарлық-тұрмыстық жағдайлар да толық қамтамасыз етілген.

Вокзал ғимаратымен қатар, жолаушылар инфрақұрылымы да жаңартылды. Ұзындығы 540 метр болатын перрон қайта жөнделіп, аумақ абаттандырылып, көгалдандырылды. Қауіпсіздік мақсатында бейнебақылау камералары мен дауыс зорайтқыш жүйелері орнатылды. Сонымен бірге жаяу жүргіншілер көпірі де жаңғыртылды.

Жобаның тағы бір маңызды нәтижесі – жаңа жұмыс орындарының ашылуы. Жаңартылған вокзалда 10-ға жуық азамат жұмыспен қамтылды.

Түлкібас теміржол вокзалы – бір ғасырдан астам уақыт бойы елді мекеннің тыныс-тіршілігімен бірге қалыптасып келе жатқан тарихи нысан. Бүгінде оның жаңаруы ауданның көлік қатынасын жақсартып қана қоймай, Түлкібастың туристік және әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға да мүмкіндік береді.

Жолаушылар үшін жайлы орта, заманауи қызмет көрсету, қауіпсіздік пен қолжетімділік – жаңарған вокзалдың басты ұстанымы. Осылайша тарихы терең теміржол бекеті жаңа дәуірге қадам басып, Түлкібас кентінің заманауи келбетіне сән қосқан маңызды нысанға айналды. Ауданында елдің берекесі мен бірлігін бекемдеуге бағытталған тағы бір игі жоба жүзеге асты. Ауданда жаңартылған «Ардагерлер үйі» пайдалануға беріліп, халық игілігіне қызмет ететін жаңа қоғамдық-мәдени нысан өз жұмысын бастады.

Жаңа ғимараттың ашылу салтанатына Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров қатысып, аудан тұрғындарының қуанышына ортақтасты. Өңір басшысы нысанды аралап, ауыл ақсақалдарымен кездесіп, елдің әлеуметтік ахуалы мен қоғамдық мәселелер төңірегінде пікір алмасты.

Жаңарған ғимарат 100 адамға арналған. Құрылыс жұмыстары толық аяқталып, нысан заманауи талаптарға сай жабдықталған. Мұнда түрлі қоғамдық жиындар, мәдени-рухани шаралар, тағылымды кездесулер мен ұрпақ тәрбиесіне бағытталған іс-шараларды өткізуге барлық мүмкіндік қарастырылған.

Нысанның құрылыс жұмыстарын «Батсу-Водоканал» ЖШС атқарды.

«Ардагерлер үйінің» ашылуы – ең алдымен, елдің үлкеніне деген құрметтің көрінісі. Өйткені талай жыл еңбек етіп, ауданның өсіп-өркендеуіне үлес қосқан ардагерлердің тәжірибесі мен өмірлік өнегесі кейінгі буын үшін қашанда құнды.

Енді ақсақалдар мен ардагерлер бас қосып, елдік мәселелерді талқылап, жастарға ақыл-кеңесін айтып, тағылымды кездесулер өткізе алады. Бұл өз кезегінде ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге жол ашады.

Жалпы, Түлкібас ауданында қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайтуға бағытталған бастамаларға ерекше мән беріліп келеді. Осы тұрғыдан алғанда, жаңарған «Ардагерлер үйі» тек аға буынның бас қосатын орны емес, елдік әңгіме айтылып, кейінгі ұрпаққа бағыт-бағдар берілетін рухани орда болмақ.

Ардагер – елдің шежіресі. Ал сол шежірені тыңдап, өмірлік тәжірибеден тағылым алу – кейінгі буынның парызы. Жаңарған нысан осы сабақтастықты жалғап, Түлкібастың қоғамдық өміріндегі маңызды орталықтардың біріне айналмақ. Әрмен қарай облыс әкімі Нұралхан Көшеров аудан тұрғындарымен кездесіп, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін саралады, өзекті мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берді.

Түлкібас ауданында елдің тұрмыс-тіршілігіне тікелей әсер ететін мәселелер мен өңірдің алдағы даму бағыттары ашық диалог алаңында талқыланды. Кездесуде алдымен ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны сараланды. Өңір басшысы Түлкібастың негізгі көрсеткіштерінде оң өсім бар екенін атап өтті.

2026 жылдың алғашқы алты айында ауданның жалпы өңірлік өнімі 50,2 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 34,6 пайызға өскен. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 14,3 млрд теңгені құрап, 10,8 пайызға артса, өңдеу өнеркәсібіндегі өнім көлемі 8,4 млрд теңгеге жетіп, бір жылда 13,4 есеге ұлғайған.

Негізгі капиталға бағытталған инвестиция көлемі де артқан. Жарты жылда ауданға 18,5 млрд теңге инвестиция тартылып, өсім 3,4 пайызды құрады. Сауда көлемі 8,2 млрд теңгеге жетіп, 5 пайызға өскен. Құрылыс жұмыстарының көлемі 4,9 млрд теңгені құрап, 28,2 пайыздық өсім көрсеткен.

Тұрғын үй құрылысы саласында да ілгерілеу бар. Жыл басынан бері 12,8 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 12,5 пайызға артқан.

Ауыл шаруашылығы – аудан экономикасының негізгі тіректерінің бірі. Алты айда ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 22,7 млрд теңгеге жетіп, 2,2 пайызға өскен. Сонымен қатар өзіндік кірістер 4,9 млрд теңгені құрап, 17,8 пайызға ұлғайған. Салықтық түсімдер 4,2 млрд теңгеге жетіп, 2,4 пайызға артқан.

Осы көрсеткіштердің нәтижесінде Түлкібас ауданы 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысымен облыс аудандары арасында екінші орынға тұрақтаған.

– Бұл жетістіктер – ең алдымен аудан тұрғындарының бірлігі мен ынтымағының, мемлекеттік бағдарламалардың жүйелі жүзеге асырылуының нәтижесі. Алдағы уақытта да оң қарқынды сақтап, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға, жаңа жобаларды іске асыруға бірлесе еңбек етеміз. Біздің басты мақсатымыз – экономикалық өсімді қамтамасыз ету, инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы халықтың өмір сүру деңгейін көтеру, – деді Нұралхан Көшеров.

Инфрақұрылымға басымдық берілуде

Ауданда экономикалық көрсеткіштермен қатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар да кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді.

Түлкібас кентінде жаңа теміржол вокзалы пайдалануға берілді. Бұл нысан аудан тұрғындары мен қонақтарына заманауи әрі қолайлы қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Өткен жылы Даубаба елді мекенінде 100 орындық мәдениет үйі пайдалануға берілсе, Майтөбе ауылындағы стадион күрделі жөндеуден өткізілді. Қазір Бақыбек ауылында 100 орындық клуб пен Ынтымақ ауылында 200 орындық мәдениет үйінің құрылысы жүріп жатыр. Нысандарды жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған.

Білім беру саласында да жұмыстар жалғасуда. Қараағашты ауылындағы мектепке қосымша 150 орындық ғи-

## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Түркістан облысының Төтенше жағдайлар департаменті үшін өткен апта азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жедел жою бағытындағы жұмыстарға толы болды. Құтқарушылар өрт ошақтарын ауыздықтап қана қоймай, тұрғындарға қауіп төндірген жағдайларда жедел көмек көрсетіп, алдын алу шараларын да күшейтті.

Апта ішінде облыстың бірнеше елді мекенінде құрғақ шөп пен өсімдік қалдықтарының жану оқиғалары тіркелді. Мұндай жағдайларда «Ауыл құтқарушылары» еріктілерінің көмегі айрықша маңызға ие болды. Төлеби ауданының Мәдени ауылында, Қазығұрт ауданындағы Тұрбат ауылдық округінде, Ордабасы ауданындағы Бөген ауылдық округінде және Кентау қаласының Қарнақ ауылында болған өрттерге еріктілер жедел жетіп, жалынның таралуына жол бермеді. Жалпы бірнеше өрттің аумағы гектармен өлшенгенімен, тұрғын үйлер мен өзге де нысандарға қауіп төнген жоқ.

Кәсіби құтқарушылардың үйлесімді жұмысы күрделірек нысандардағы өрттер кезінде де нәтижесін көрсетті. Сарыағаш қаласында қоғамдық тамақтану нысанының шатырынан шыққан өрт 90 шаршы метр аумақты қамтыса, Отырар ауданының Шәуілдір ауылындағы жанармай құю станциясының аумағында өрт тіркелді. Алдын ала мәлімет бойынша, жанар-жағармай материалдарын төгу кезінде 10 тонналық жанармай тасиды көлік тұтанған. Жалын әкімшілік ғимараттың қаптамасына және жанар-жағармай резервуарлары орналасқан аумаққа тараған. ТЖМ күштері мен нысан қызметкерлерінің бірлескен іс-қимылының арқасында өрттің одан әрі өршуіне жол берілмеді. Зардап шеккендер жоқ.

Тұрғын үйлердегі өрттер кезінде де құтқарушылардың шұғыл әрекеті адам өмірін сақтап қалуға мүмкіндік берді. Түркістан қаласындағы бес қабатты тұрғын үйдің бір пәтерінің балконында тұрмыстық заттар өртенген кезде автосатының көмегімен екі бала қауіпсіз жерге шығарылды. Қаладағы тағы бір көпқабатты үйдің балконында болған өрт те жедел сөндіріліп, жалынның пәтерлерге таралуына жол берілмеді. Екі жағдайда да зардап шеккендер жоқ.

Құтқарушылардың жұмысы тек өртпен күреспен шектелген жоқ. Түркістан қаласы мен Леңгір қаласындағы жеке тұрғын үйлерден жылан табылғаны туралы шақыртулар түсті. Мамандар арнайы құралдардың көмегімен бауырымен жорғалаушыларды қауіпсіз ұстап, тұрғын аймақтардан тыс жерге шығарды.

Сонымен қатар облыста төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Соның бірі – балалардың терезеден құлап кетуінің алдын алу шаралары. ТЖД қызметкерлері ата-аналарға ашық терезелер мен балкондардың бала үшін аса қауіпті екенін түсіндіріп, балаларды қараусыз қалдырмауға шақырды.

Бір аптаның қорытындысы көрсеткендей, төтенше жағдайға ден қоюмен қатар, оның алдын алу да маңызды. Құтқарушылардың жедел әрі кәсіби іс-қимылы, еріктілердің белсенді көмегі және тұрғындардың өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауы – қауіптің алдын алудың негізгі тетіктері.

ТЖМ азаматтарды құрғақ шөп пен қоқысты өртеуден бас тартуға, сөндірілмеген от пен темекі тұқылдарын қалдырмауға, электр және жылыту құрылғыларын қараусыз қоспауға, сондай-ақ балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлуге шақырады. Қауіп байқалған жағдайда 112 нөміріне дереу хабарласу қажет.

# ТАРИХЫ ТЕРЕҢ

марат салынуда. Нысанды қыркүйек айында пайдалануға беру көзделген.

Тұрғындар үшін аса маңызды мәселелердің бірі – ауыз су. Бұл бағытта Жабағылы және Машат ауылдарындағы су жүйелері қайта жаңартылып, іске қосылған. Бұдан бөлек, 23 елді мекеннің ауыз су жүйесіне ағымдағы жөндеу жүргізілген.

**32 жоба – 1222 жұмыс орны**

Ауданның инвестициялық әлеуетін арттыруға да ерекше мән беріліп отыр. Аудан әкімі Асқар Естібаевтың мәліметінше, биыл жалпы құны 77,6 млрд теңгені құрайтын 32 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған.

Ауқымды жобалардың нәтижесінде 1222 жаңа жұмыс орны ашылмақ. Есепті кезеңде құны 2,1 млрд теңге болатын 12 жоба іске қосылып, 113 азамат жаңа жұмыс орнына ие болған. Қалған 20 жобаны жыл соңына дейін жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Бұл жобалар аудан экономикасын әртараптандырып қана қоймай, жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға және кәсіпкерлік белсенділікті арттыруға мүмкіндік береді.



**Халықтың үні – басты назарда**

Ашық диалог барысында тұрғындар өздерін толғандырған мәселелерді тікелей облыс әкіміне жеткізді. Көтерілген мәселелердің қатарында инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы, білім беру және денсаулық сақтау салаларына қатысты ұсыныстар болды.

Облыс әкімі әрбір мәселені мұқият тыңдап, жауапты басқармалар мен аудан әкімдігіне нақты тапсырмалар берді. Әсіресе тұрғындардың күнделікті тұрмысына тікелей әсер ететін мәселелерді шешуге басымдық беру қажеттігін атап өтті.

Айта кетерлігі, өткен жылы Түлкібас ауданында өткен кездесуде тұрғындар тарапынан 9 мәселе көтерілген. Бүгінде оның 6-уы толық орындалып, қалған мәселелер бойынша заңнама аясында тиісті түсіндірмелер берілген.

Кездесуден кейін Нұралхан Көшеров азаматтарды жеке қабылдап, олардың өтініштері мен шағымдарын тыңдады. Бірқатар мәселе сол жерде шешімін тапса, қалғандары бойынша жауапты мамандарға нақты тапсырмалар жүктелді.

Жиын барысында өңір басшысы тұрғындарды «Таза Қазақстан» бастамасын қолдауға, елді мекендерді таза ұстап, көгалдандыру жұмыстарына белсенді атсалысуға шақырды. Сонымен қатар ел өміріндегі маңызды қоғамдық-саяси мәселелерге тоқталып, азаматтарды алдағы сайлауға белсенді қатысуға үндеді.

Түлкібас – табиғи әлеуеті мен өндірістік мүмкіндігі қатар дамып келе жатқан аудан. Бүгінгі ашық диалогта көтерілген мәселелер мен белгіленген міндеттер осы оң қарқынның сақталуына бағытталған.

Халықпен етене байланыс, нақты жоспар және жүйелі жұмыс – Түлкібастың тұрақты дамуының негізгі тетігі. Ал ауданның әлеуметтік-экономикалық ахуалы мен тұрғындардың көтерген мәселелерінің орындалуы облыс әкімінің тұрақты бақылауында болмақ.

Түлкібас ауданында өнеркәсіптік өндірістің әлеуетін арттыратын ірі жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Соның бірі – ауыз су және алкогольсіз сусындар өндіретін «Beibars Bottlers» ЖШС зауыты. Кәсіпорын өндірісін еселеп, жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған жобаның екінші кезеңіне қадам басты.

Түлкібас ауданында зауыттың екінші кезеңінің капсуласын салу рәсімі өтіп, оған Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров қатысты. Өңір басшысы өндіріс ошағының ұжымын жаңа жобаның басталуымен құттықтап, кәсіпорынның өңір экономикасындағы маңызына тоқталды.

– Бүгін облысымыздың өнеркәсіптік әлеуетін арттыратын маңызды жобаның жаңа кезеңіне қадам басып отырмыз. Мемлекет басшысы өңдеу өнеркәсібін дамыту мен инвестиция тартуды экономикалық саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындап келеді. «Beibars Bottlers» – осы бағыттағы нақты нәтижелердің бірі. Кәсіпорынның өніміне сұраныстың жоғары болуы өндірісті кеңейтуге мүмкіндік беріп отыр. Екінші кезең іске асқаннан кейін жылына 400 мың тоннаға дейін алкогольсіз сусын өндіріліп, бюджетке түсетін салық көлемі де артады, – деді Нұралхан Көшеров.

**Өнімге сұраныс – өндірісті ұлғайтуға негіз**

Кәсіпорынның алғашқы кезеңін іске асыруға 9 млрд теңге инвестиция тартылып, 2025 жылдың қазан айында өндіріс іске қосылған болатын. Бүгінде зауыт жылына 120 мың тонна алкогольсіз сусын өндіруге қауқарлы. Өндіріс орнында 100-ден астам тұрақты жұмыс орны құрылған.

Кәсіпорын темір және пластикалық құтыларға құйылған «RC» маркалы сусындар шығарады. Өнімнің негізгі бөлігі сыртқы нарыққа бағытталған. Атап айтқанда, өндірілген өнімнің 51 пайызы Ресейге, 26 пайызы Қырғызстанға экспортталса, 23 пайызы ішкі нарықта саудаланады.

Бұл көрсеткіштер кәсіпорын өнімінің нарықтағы сұранысын аңғартады. Өндірістің алғашқы кезеңінің табысты іске асуы зауытты одан әрі кеңейтуге негіз болып отыр.

Екінші кезеңге 8,4 млрд теңге инвестиция бағытталады. Жоба толық қуатына шыққанда кәсіпорында тағы 90 жаңа жұмыс орны ашылады. Өндірістік қуат жылына 400 мың тоннаға дейін жеткізіліп, зауытты келесі жылы толық іске қосу жоспарланған.

Кәсіпорынның бюджетке түсіретін үлесі де арта түспек. Биылғы жылдың қорытындысы бойынша зауыттан бюджетке шамамен 450 млн теңге салық түседі деп күтілсе, өндіріс толық қуатына шыққаннан кейін бұл көрсеткіш жылына 800 млн теңгеге жуықтайды.

Өндірістің тұрақты жұмыс істеуіне қажетті инженерлік инфрақұрылым мемлекет тарапынан қамтамасыз етілген. Ал екінші кезеңді сапалы жүзеге асыру үшін инженерлік инфрақұрылым қуатын арттыру мәселесі кезеңкезеңімен шешілмек.

**Құс фабрикасы – ауқымды жоба**

Түлкібас ауданындағы өндірістік әлеуетті арттыратын тағы бір ірі жоба – Жабағылы ауылдық округіндегі «Қарқын Трейд» ЖШС құс фабрикасы.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеров ауданға жұмыс сапары барысында фабрика құрылысының барысымен танысты.

Жобаның жалпы құны 53,7 млрд теңгені құрайды. Кәсіпорын жылына 48 мың тонна құс етін өндіруге бағытталған. Жоба толық жүзеге асқанда 1200 жаңа жұмыс орны ашылады.

Ауқымды кешеннің құрамында 96 құс фермасы, инкубатор, құрама жем зауыты, газ-электр станциясы, құс сою және қалдықтарды өңдеу цехтары, сондай-ақ тоңазытқыш қоймалары бой көтереді.

Жоба үш кезең бойынша іске асырылмақ. Қаржыландыруға «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы тарапынан 5 млрд теңге көлемінде несие бөлінген.

Қазірдің өзінде алғашқы жұмыстар қарқын алған. Он құс фермасының темір қаңқасы тұрғызылып, сэндвич панельдермен қапталуда. Сонымен қатар құс сою бекеті орналасатын аумақта жерді тегістеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

**Инвестиция – экономикалық өсімнің қозғаушы күші**

Түлкібаста жүзеге асырылып жатқан бұл екі жоба да аудан экономикасының өндірістік бағытын күшейтіп, жаңа жұмыс орындарын ашуға және жергілікті бюджет кірісін арттыруға мүмкіндік береді.

Бір жағынан – экспортқа бағытталған алкогольсіз сусын өндірісі кеңейсе, екінші жағынан – ішкі нарықтың маңызды сегменттерінің бірі саналатын құс шаруашылығының жаңа өндірістік кешені қалыптасады.

Бұл – ауданның инвестициялық әлеуетінің артып келе жатқанының айқын көрінісі. Өндіріс көлемінің ұлғаюы жаңа жұмыс орындарын ғана емес, қосымша салық түсімдерін, жергілікті кәсіпкерліктің дамуын және аралас салалардың жандануын қамтамасыз етеді.

Өңір басшылығы тарапынан инвесторларға қажетті қолдау көрсетіліп, жобаларды сапалы әрі уақтылы іске асыру үшін инженерлік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жалғаса бермек.

Осылайша, Түлкібаста өндірістің жаңа тынысы ашылып келеді. Ірі инвестициялар аудан экономикасын әртараптандырып, Түлкібасты Түркістан облысындағы өндірістік әлеуеті жоғары аудандардың біріне айналдыруға жол ашуда.

## АУЫЛ КӘСІПКЕРЛІГІ ҚОЛДАУҒА ИЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдық аумақтарды дамыту, тұрғындардың табысын арттыру, шағын және орта бизнесті қолдау, ауыл шаруашылығы өндірісін өркендету жөнінде нақты міндеттер жүктеген болатын. Осы бағыттағы маңызды бастамалардың бірі – «Ауыл аманаты» бағдарламасы. Аталған жоба ауыл тұрғындарына жаңа мүмкіндік беріп, кәсіп бастауға, өндірісті дамытуға және тұрақты жұмыс орындарын ашуға бағытталған тиімді қолдау тетігіне айналды.

Президент тапсырмасын жүзеге асыру аясында Түркістан облысында «Ауыл аманаты» бағдарламасы жүйелі түрде іске асырылып келеді. Бағдарлама арқылы ауылдық жерлердегі кәсіпкерлік белсенділікті арттыру, халықтың әл-ауқатын жақсарту және агроөнеркәсіптік кешеннің әлеуетін кеңейту бағытында нақты нәтижелерге қол жеткізілуде.

Осыған байланысты Шардара ауданында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қанат Бозымбаевтың төрағалығымен «Ауыл аманаты» бағдарламасының жүзеге асырылу барысына арналған кеңес өтті.

Жиынға Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров, Қазақстан Республикасы Су және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, облыстық басқарма басшылары, аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары қатысты. Сонымен қатар Ұлттық экономика министрі Бауыржан Омарбеков, орталық мемлекеттік органдардың жауапты өкілдері және облыс әкімдерінің орынбасарлары бейнеконференция арқылы қатысып, атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндама жасады.

Кеңес барысында «Ауыл аманаты» бағдарламасының өңірлерде орындалу барысы, бөлінген қаржының тиімді игерілуі, ауылдық жерлердегі кәсіпкерлікті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу және жүзеге асырылып жатқан жобалардың нәтижелілігі жан-жақты талқыланды.

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков өңірдегі бағдарламаның жүзеге асырылу қорытындылары туралы баяндады.

Бағдарламаның нәтижесінде облыста 4 635 жаңа жұмыс орны құрылды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласын дамыту мақсатында 593 жылыжай салынып, 76,8 мыңнан астам мал сатып алынды. Бұдан бөлек, ауыл өнімдерін өңдеу бағытында 79 қайта өңдеу кәсіпорны іске қосылды.

Жобалардың әлеуметтік маңызы да жоғары. Нәтижесінде 441 азамат атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарынан шыққан. Ал жүзеге асырылған бастамалардың арқасында облыста жыл сайын шамамен 80 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндірілуде.

Кеңес қорытындысында Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауыл экономикасын жаңғыртудың, халықтың кәсіпкерлік белсенділігін арттырудың және жаңа жұмыс орындарын құрудың маңызды құралы екенін атап өтті.

Жиында Ұлттық экономика министрлігіне бағдарламаны тиімді жүзеге асырып жатқан өңірлердің тәжірибесін ескеру, бөлінген қаражаттың нәтижелі игерілуін қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда қаржыны тиімді бағыттарға қайта бөлу мәселесін қарастыру тапсырылды.

Бүгінде Түркістан облысында «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауылдық жерлердің экономикалық әлеуетін арттыруға, кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға және тұрғындардың тұрақты табысын қалыптастыруға бағытталған маңызды жобалардың біріне айналып отыр.

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Атақты неміс ғалымы, геолог Вальтер Африка, Солтүстік Америка, Орталық Азия, Шотландия, Германия және Австралиядағы сәйкес құбылыстар мен қималарды бақылай отырып, сол кездегі қазба шөлдерге ерекше назар аударған. Кейіннен Қаныш осы ғалымның ғылыми еңбектерінен ұқсастық тауып, өз шығармаларына негіз еткені байқалады.

Сібірде осылайша геологтардың ғылыми мектебі қалыптасуында келесі бір тұлға-М.А.Усовтың да еңбегі зор болды. Практика сабақтары бұрынғыдан да көбейтіліп, өндірістерге бару дағдысы қалыптасты. Әр студент кен орнына барып, бірнеше ай жұмыс істеп келген соң есеп беруі-болашақ инженер үшін таптырмас тәжірибе болды.

Қаныш оқуға түскен жылдың қысында қатты науқастанып, төсек тартып жатып қалады. Оқытушылар студентті елге қайтару туралы ұсыныс жасайды. Дертіне шипа қалада емес, ауылда. Қымыз, таза ауа, тыныштық, сіңімді таза тамақ.

1923 жылы денсаулығын түзеп, ауылдан емделіп оқуын қайта жалғастырады. Кәсіби тәжірибеден өтуі керектігі жайында ұстазы Усовпен ақылдасқанда ол Русаковты ұсынды. М.П. Русаков қазақ жерін түбегейлі зерттеп жүрген геолог-маман екендігін, одан көп нәрсе үйренуге болатынын, ол басқаратын партияға тез жету керектігін айтты.

Сол ұсыныс бойынша Қаныш досымен бірге 400 шақырымдық жолды еңсеріп, Геологиялық комитеттің Орал-Сібір бөлімінде жұмыс істейтін Русаковты іздеп табады. Оның отряды сол кезде Балқаш аймағында мыс кендерін барлап жүрген болатын.

«Геологиялық зерттеулер бойынша бір айлық бірлескен жұмыс, бірқатар мыс және басқа да кен орындарын зерттеу зымырап өтті», - деп жазады М.П. Русаков 1949 жылғы Қазақ ССР Ғылым академиясының «Хабаршы» журналында жарияланған естелігінде: «Бірлескен сапарларымыз кезінде



геолог мамандығын иеленіп, Ұлытау жотасындағы мыс көмбесін зерттеуге құлшынған, сол қарсаңда жиырма жетіге шыққан Қаныш жайсаң, жетінші тәуліктің соңында маң-маң басқан керуен ұзақ жолды артқа тастап, Қарсақбай ашасына ілігеді.

Ол Қарсақбайға таудай талап, ұлы арман, халқына қызмет етіп, пайдалы адам болсам, ғасырлар бойы сан байлықты ішіне бүгіп жатқан жер сырын біліп, кен көзін ашсам деген үмітпен келген еді».

Қаныш Имантайұлын Одақтың геологиялық пырағы» деп аталатын бөлімде саз балшықтар жайлы айта келіп, оларда тұздың, бордың кендері мол деген тұжырым жасайды.

Осы журналдағы «Қарсақбай ауданының келешегі» деп аталатын мақаласында Қарсақбайдың болашағына барлау жасалады. Сәтбаев Жезқазғанның жер қойнауында қорғасын, күміс, темір, көмір кендері аса мол, әсіресе мысқа бай екендігін алға тартады. Сол себепті Жезқазған тек Қазақстанда ғана емес, Кеңес Одағының ішіндегі ең көлемдісі. Осы кендердің қалай пайда болғаны жөнінде де мағлұмат береді. Имантайұлының пікірі бойынша, Жезқазған Оралдан озып, болашақта Америкадағы атақты мыс кеніштерін артқа тастайтындығын сеніммен айтады және дәлелдейді де. Мысты балқытқанда қажет болатын қосынды ретінде көмір, ізбестің де қоры осы орыннан табылып отыр, бұл сирек құбылыс, байлық көзі. Мыстан басқа кен көздері әлі толық зерттелмегенін, бірақ болашақта Қарсақбай зауыты бірінші орын иеленетініне шүбә келтірмейді. Тас көмір шығатын Байқоңыр мен Шоқпар да мақала иесінің назарынан тыс қалмайды. Мұндағы көмір қоры 120 млн т.

Осы мақаласында ғалымның инфрақұрылымды дамыту, тау-кен өндірісі және кен өңдеу туралы көзқарасы жан-жақты көрініс тапқан.

Қазақстан жерінде адам баласының тіршілігіне қажет кендердің барлығы бар екендігін «Жезқазған ауданындағы мыс кендері» мақаласынан білуге болады. Сәтбаев қазақ жеріндегі кендерді ретіне қарай бірнеше аудандарға жіктейді. Біз солардың ішінде Жезқазған кен ошағына тоқталамыз. Автор Жезқазған кендерін орыстардың бірінші рет ашық түрде 1837-1838 жылдардағы Кенесары жорығының кезінде көруі ықтимал-деп болжайды.

Мұнан кейін Ушаков дейтін орыстың бір көпесі 1858 жылы Жезқазған кен орындарын игеруге патша үкіметіне хабарлама берген. Хабарламада кен

# Қ.СӘТБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ

Қаныш Имантайұлы әрқашан таулардың, сайлардың, өзендердің атауларына қызығушылық танытты. Кейінірек қазақ халқының белгілі бір аймақтың ерекшеліктерін өздерінің географиялық атауларында қаншалықты сәтті, түрлі-түсті және шеберлікпен қолданатынын түсіндім».

Ал қазақ ғалымы Қажым Жұмалиев өзінің «Жайсаң жандар» деген кітабында «Ол студент кезінен (1921-1926) бастап, рюкзагін иығына асып алып, тау-тасты кезумен болды. Өзіндей бозбалалар жаз демалысқа келгенде сауық-сайран құрып жүрсе, ол тау аралап, тас терді. Неше алуан түсті тастардың сырын ашып, тегін тануға, қай тас қандай текке жататындығын айырып, солардың негізінде жер астында не жатқанын білуді арман етті. Ол кейде сәтсіздікке де кездесті. Асылы-жәй, қымбаты — арзан болып шыққан шақтары да болды. Әйтседе, ол тас терудел жалықпады»-деп жазады. Тас теріп, оны зерттей жүріп, сырын ұғып, теорияны меңгеріп, тәжірибеден өтіп, арада бес жыл өткенде Қаныш Имантайұлы тау-кен инженер-геолог мамандығы бойынша диплом алады.

Дипломды маманды республика басшылары 1925 жылы ашылған Жезқазған мыс кен орны мен құрылысы басталған Қарсақбай мыс заводын біріктіретін «Атбасцветмет» тресіне қызметке жібереді.

Бұл тресттің қарамағында екі өндіріс ошағы бар болатын: біріншісі Қарағандының көмір кендері, Нілді мыс кеніші және Спас мыс қорыту заводы қарайтын Спас комбинаты болса, екіншісі Қарсақбай мыс қорыту заводы, Байқоңыр көмір кені, Жезқазған мыс руднигі мен Қорғасын кеніші. Бұл трест Жезқазған мыс кен орнын геологиялық барлаумен, игерумен және Қарсақпай мыс қорыту заводын салумен айналысты.

Бұл өлке сол кезде ескі өмірдің әлі қаймағы бұзылмаған, құлазып жатқан қу дала болатын. Жол жоқ, ең сенімді көлік түйе. Түйенің өзін иелері кіре тартуға бере қоймайды. Жезқазғанға Жосалы стансасы арқылы жетудің өзі қиямет, екеуінің арасы 360 шақырым. Салынып жатқан заводқа ең тиімді жол осы болғандықтан Атбасар тресі стансаны аралық база ретінде пайдаланады. Комбинаттың барлық жүгі, жұмыскерлер, басқа да жүргіншілер Жосалыдан жолға шығады.

«1926 жылдың қоңыр күзі. Жосалыдан Ұлытауға бет түзеген түйелі керуенде формалы күнқағары жарқырап, ашаң өңді, бойы теректей сақа жігіт кірешілерге ілесіп келеді. Ол болса-Том шөрінде комитеті мамандары құшақ жая қарсы алады. 1924 жылдан бері осында барлау жүргізіп келе жатқан мамандардың жетекшісі И.С. Яговкин қазақ жерімен етене таныс Қаныштан зор үміт күтетінін, өздерінің жыл құсындай бір мезгілге ғана келетінін, бұл жердегі кеннің онша көп еместігі, ағылшындардың он жылда тапқаны ауыз толтырарлық емес, 235 ұңғыма бұрғылаған, тереңге аса бойламаған-деген сияқты істің барысын баяндайды. Оның үстіне өлкеде су тапшы, қу мекиен дала, тұрғын халық ауыр өндіріс дегенді білмейді, бұл жерден мыс түгіл алтын тапсаң да қажетке жарату қиын деп бастырмалатады. И.С. Яговкин осындай қиянға үлкен өндіріс ашуға қарсы екендігін де жасырмайды. Оның айтқан дәлелі-транспорт-түйе, кеніштердің арасында қатынастар табанды темір жол, пайдаланатыны-көктемгі қар суы. Осындай ойларымен бөлісіп, барлық құжатты Қаныштың қолына тапсырып, Иван Степанович аттанып кетті. Саргайған барлау құжаттарының ішіндегі мәліметтер де көңіл көншітерлік емес еді.

Жезқазғандағы геологиялық барлау 1926 жылы басталып, 1929 жылға дейін бұл зерттеулерді Одақтың негізгі геологиялық қызметтінің қызметкерлері жүргізді. Олар мұнда түбегейлі емес, іссапарлармен келді. Сондықтан олардың жұмысы маусымдық және жүйесіз болды. Қаныш Сәтбаев директор болған кезде Жезқазғандағы геологиялық барлау тұрақты зерттеулерге көшті. Көп ұзамай Сәтбаев пен Геологиялық комитет геологтары арасында Жезқазған кен орнының болашағын бағалау бойынша қызу дау туындады. Геологиялық комитеттің қызметкерлері Жезқазғанды шағын жұмыс істейтін кен орны деп санап, ірі мыс қорларының бар екенін жоққа шығарды. Керісінше, Қаныш Имантайұлы кен орнының қоры мен мыс кенінің таралу ауқымы бойынша ерекше екенін мәлімдеді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өзінің ғылыми ойларын қызметке кіріскен кезден бастап бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай бастады. Қаныш Имантайұлының Қарсақбай ауданын жан-жақты таныстырған мақаласы «Жаңа мектеп» журналында жарияланды. Бұл мақалада Қарсақбайдың жер бедері, сулары, тау жыныстары мен топырағы, ауа-райы, өсімдіктері, аңдарының түрлері, халқы, тіпті олардың науқастарының түрі мен емі, оқу, сот жайы, тұрғындардың кәсібі, ауданның сауда-саттығы туралы жазылған. Осы танымдық мақаладағы «Тау жыныстары мен топырағы»... орындарын маңындағы қазақтардан Ушаков 400 сомға сатып алған. 1891- жылы Жезқазғандағы кен хабарламасы Рязанов дейтіннің қолына түскен. Ол 1907 жылы хабарламаны 260 мың сомға ағылшындарға сатқан. Сол жылдан бастап ағылшындар Жезқазған кенін зерттеуге кіріседі. Олар ағылшын барлаушысы З.Х.Боллды шақырып алғызған. Жезқазған кені туралы ол кісінің өз қолымен жазып кеткен кітапшасы осы күнге дейін кен зерттеушілердің қолында дұғалық есебінде сақталып келеді. Боллдың көрсетуімен ағылшындар 1915 жылға дейін Жезқазғанда 235 жерден бұрғы жүргізген, 19 жерден шахта қазған. Бұрғы мен шахталар арқылы Жезқазған кенересінің жалпы шамасы мен жобалы реттері қазір аз болса да ашылып, анықталып отыр.

Жезқазған ертеде теңіз астында болған, сол себепті теңіз тұнбалары 15 түрлі тас қыртысын түзген. Әсіресе, мысқа өте бай және оны балқытқанда пайдаланатын темір мен ізбестің де жақыннан табылатыны айтылады. Мұндай қоспалар «флюс» деп аталады. Қажетті флюстердің алыстан арбаламай жақыннан табылуы Жезқазған кен орнының зор қасиеттері. Ал зауыт пешіне керек отын Байқоңырдың көмірі. Бұл көмір көп уақыт отын көзі болуға жарайды- деп мақаласын қорытындылайды.

1928 жылы Қ.И. Сәтбаев Қарсақбайға көшіп келіп, кен орындарының қорын анықтау үшін геологиялық барлау жұмыстарын кеңейтті. Ол «Қарсақбай ауданы және оның мүмкіндіктері» деген мақаласында мыс өндіруді молайтудың болашағы туралы баяндады. Ол Қарсақбай зауытының Жезқазғанда өндірілген кен көлемін көтере алмайтынын, сол себепті жаңа зауыт, үлкен комбинат, су қоймасы және теміржол салуды ұсынды. Сондай-ақ Қаныш Имантайұлы бұл пікірлерін жоғары органдарға үнемі ұсынып отырды. Бұл мұрағаттық деректерді, географияны, гидрографияны және мыс кені базасының әлеуетін мұқият талдаған алғашқы маңызды мақала деуге болады.

Қаныш Имантайұлының «Атбасар мыс өнеркәсібі және оның болашағы» деп аталатын мақаласында [8,212] Жезқазғанның КСРО-дағы ең бай мыс өлкесі бола алатынын алғаш рет ғылыми тұрғыдан негіздеген сараптамалық материал.

Оның алғашқы геологиялық мақалалары осылайша аймақтың өнеркәсіптік әлеуетін көрсетті, «Үлкен Жезқазғанды» ашудың ғылыми негізін қалады.

1932 жылы геологиялық жұмыстардың нәтиже-

# ЖЕЗҚАЗҒАН КЕНІШІН ИГЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

леріне сүйене отырып «Жезқазған мыс кені аймағы және оның минералды ресурстары» монографиясын шығарды. Онда 1929–1931 жылдары Жезқазған - Ұлытау аймағында жүргізілген кең көлемді геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері қорытындыланды. Бұл ғылыми зерттеулер Жезқазғанның болашағын анықтады.

1929 жылдан бастап Қ.И. Сәтбаев Жезқазған кен орнын барлауды толық бақылауға алды. Оның басшылығымен геологтар тобы салыстырмалы түрде қысқа мерзімде, 1931 жылдың соңына қарай Жезқазғанда Геологиялық комитеттің бастапқы болжамдарынан айтарлықтай асып түсетін орасан зор мыс қорларының бар екенін дәлелдеуге қол жеткізді. Сәтбаев шашыраңқы мыс біртұтас геологиялық алып аймақты қамтып жатыр деген қорытындыға келді. Екі миллион тоннадан астам мыс туралы болжамы ғылыми түрде расталды, бұл қуатты мыс кені аймағының құрылуына жол ашады. Жас инженердің осындай тұжырымына қарсы шыққандар болды. Бұл жай ғана талас-тартыс емес, оның мәнісі басқада болатын. Қарсы шығушылардың мақсаты-Жезқазғанды еліміздегі индустрияландырудың жоспарына енгізбей, үлкен мыс комбинатының салынуына кедергі келтіру еді. Осындай кедергілерге қарамастан Жезқазған 1931 жылдың аяғында өзінің мыс қоры жағынан Одақ бойынша бірінші орынға шықты, ал 1934 жылы Американың мыс провинцияларын басып озды. Әйтсе де Қ.И.Сәтбаевтың қарсыластары 1938 жылдың аяғына дейін құрылыс жұмыстарына кедергі жасаумен болды.

Қаныш Сәтбаев КСРО Ғылым академиясының Қазақстан базасының Ғылыми кеңесінің Үлкен Алтай мен Жезқазған мәселелеріне арналған 3-ші сессиясында сөз сөйлеп, Жезқазғанның мыс кені қорларына қатысты тұжырымдарының дұрыстығын дәлелдей алды. 1934 жылғы сессияның қарарында үшінші бесжылдық жоспар кезінде Жезқазғанда мыс балқыту зауытын салу қажеттілігі туралы айтылды. Сессияда Сәтбаевтың теміржол салу туралы ұсынысы да қолдау тапты.

1935 жылғы бесінші маусымда «Социалистік Қазақстан» газетінде «Жезқазған темір жолын тез салу керек» деген мақаласы жарияланды. Бұл мақалада Қаныш Имантайұлы Жезқазған-Жосалы, Жезқазған-Атбасар, Жезқазған-Ақмола, Жезқазған –Қарағанды және басқа варианттардың бәрінен де Өспен руднигі-Жезқазған нұсқасының арзанға түсетіндігін нақты дәлелдеп береді. Жұмсалатын шығындарды есептеп, екі жылда іске қосыла алатындығын да ескертеді. Бұл жолды тез арада салмаса, өнеркәсіп орындарының құрылыстары да кешеуілдейді. 1936 жылдан қалдырмай жол салынса, екі жылдан кейін Үлкен Жезқазған өндіріс орындары пайда болады. Сәтбаев осы мақаласында да Жезқазғанның кен байлығының молдығын, мыстан басқа да темір, марганец, көмір, пирит, фосфорит бар екендігін де еске салып кетеді.

1935 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің 16-маусымдағы санында «Қарсақбай комбинатыұлт пролетариатының бір негізгі ордасы» деген мақалада бұл мекеменің Үлкен Жезқазғанға ұлттық кадрлар даярлап берудегі маңызы айтылды.

1935 жылы жарияланған «Жезқазған» мақаласында ғылыми-зерттеу жұмыстары, су жеткізу, кадр дайындау, совхоз құрылысының мәселелеріне жұмсалатын қаржы, аймақтың әл-ауқатын арттыру, бақша өсіру, егін егу, жұмысшылар дем алатын демалыс үйлерін салу, демалыс үйлерінің жанында үлгілі қымызхана, бақша, бал шаруашылығын ұйымдастыру туралы әңгімелейді.

1938 жылдың 10 ақпанында жаңа Жезқазған комбинатының құрылысын бастау туралы №50 тарихи бұйрық келді. Бұл ізденімпаз жас ғалымның мұқалмас күш-жігерінің, елін, жерін сүйген шексіз патриотизмінің айқын жемісі еді.

Сол кезден бастап геологиялық барлау дағдарыстан шықты. Екі жылдан аз уақыт ішінде Жезқазған бұрынғы жұмыс көлемін қалпына келтірді. Осы кездерде Қаныш Имантайұлы да әр түрлі газет-журналдарға «Үлкен Жезқазған» туралы талдамалы-түсіндірмелі ғылыми мақалалар жаза түсті. «Үлкен Жезқазған мыс алыбы», «Үлкен Жезқазғанның болашағы», «Октябрьдің XX жылдығы және Жезқазған ауданының кен байлығы», «Үлкен Жезқазған комбинаты», Жезқазған байлықтарын меңгеру міндеттері» сияқты көлемді мақалаларында Үлкен Жезқазғанның кен қорының молдығы, шығатын мыстың сапасының жоғарылығына оған Кеңестер Одағында тең келетін кен орындарының жоқтығы, кеннің саяз жерден шығуы, зерттелуіне кететін шығынның аздығы, басқа да геологиялық жақтары сөз болады. «Бұл комбинаттан шығатын өнімнің көптігі Американың солтүстік штатынан шығатын өнімнің 55 пайызындай, бұл болса капиталистік елдердегі мыс қорытатын заводтардан Жезқазған заводтары асып түседі»-деп нық сеніммен айтады.

Қаныш Сәтбаев 1935-1940 жылдарда жазған мақалаларында Жезқазғанның кен байлығы мыс қана емес, Қарсақбай мен Атасуда темір рудасы, Жезқазғаннан 39 шақырым жердегі Ақтаста ізбес, Байқоңыр мен Қияқтыда көмір, Жездіде марганецтің мол қоры бар екендігін паш етеді. Кірпіштің ерекше сорттарын дайындау үшін отқа төзімді саздар мен материалдарды жақын жердегі Ақшиден, кварц пен кварциттi де маңайдан табуға болатынын айтады. Алтын, қорғасын, фосфорит, молибден, қалайы, хромит, магнезит кендерінің де қорлары табылғанын баяндайды. Демек, ғалымның кез келген мақаласынан Үлкен Жезқазғанның болашағы молынан таныстырылып, оның тек Қазақстан ғана емес, дүние жүзіне танымал болатынына шек келтірмейді.

Маңызды экономикалық және ұйымдастырушылық жұмыстарға қарамастан Қаныш Имантайұлы өз ізденісінің нәтижелеріне негізделген ғылыми басылымдарды дайындауға әрқашан уақыт тапты. Жезқазғанда жұмыс істеп жүргенде Сәтбаев ғылыми және өндірістік журналдар мен газеттерде бірқатар мақалалар жариялады, онда ол Жезқазған аймағының және оның жеке учаскелерінің маңыздылығын атап өтті, сондай-ақ Орталық Қазақстандағы қара және түсті металлургияның даму перспективаларын қарастырды.

1941 жылы Үлкен Жезқазған шындыққа айналған кезде, Қ.И. Сәтбаевтың өмірі күрт өзгерді: Соғыс жылдарында (1941–1945) Қаныш Сәтбаев Алматыда Геологиялық ғылымдар институтының директоры болып жұмыс істеді. Осы кезеңде оның мақалалары мен еңбектері Жезқазған мен Қарсақбайдың минералды-шикізат базасын майданға жұмылдыруға бағытталған.

1928 жылы Қарсақбай зауытына арналған флюстерді барлау кезінде Сәтбаев Жездіде (Жезқазғаннан 40 шақырым) марганецтің бай кен қорын тапқан еді. Соғыс кезінде Украинадағы Никополь және Грузиядағы Чиатураны фашистер басып алғаннан кейін Жезді марганеці оларды алмастыра алатын жалғыз кен орны болды. Сондықтан Қаныш Имантайұлы стратегиялық марганецті өнеркәсіптік өндіру қажеттілігін дәлелдейтін бірқатар шұғыл геологиялық жазбалар мен ұсыныстар жазды. Оның күшжігерінің арқасында кеніш небәрі 40 күнде салынып, бронды прокат беруді үш есе өсіріп, 70%-ға дейін шикізатпен қамтамасыз етті. Сондықтан марганец жетімсіздігінен құтқаратын бірден-бір жол-Жезді кенін тез арада игеру болғандықтан 1942 жылы 12 маусымда Жезді кеніші марганец бере бастады. Бұл күн кеніштің ресми туған күні болып саналады. Соғыс кезінде қажетті марганецтің 85%-ы Жездінің кен орындарында өндіріліп, танк өндірісі үшін пайдаланылды. Соғыс кезінде Қарсақбай металлургтері Отан қорғаушылары тек мыспен ғана емес, сонымен қатар снарядтармен, оқтармен, жарылғыш заттармен, мина гильзаларымен және басқа да оқдәрілермен қамтамасыз етті. Майданға арналған әрбір сегізінші оқ осы зауытта құйылған деседі.

Үлкен Жезқазғанды дамыту және тау-кен металлургиясы туралы 1943–1945 жылдардағы ғалымның салалық және академиялық журналдардағы жарияланымдары Қарсақбай зауытын кеңейту және әскери зауыттар үшін үздіксіз кен өндіру мәселелеріне арналды.

Қ.И. Сәтбаевтың жарияланған 330-дан астам еңбегі Жезқазған проблемаларына арналған. 1942 жылы Қаныш Имантайұлы соғыс кезіндегі мақалалары мен еңбектерінің нәтижесінде жазылған «Қазақ КСР Жезқазған аймағының кен орындары» монографиясы үшін КСРО мемлекеттік сыйлығына ие болды. Еңбекте Жезқазған мен Қарсақпай мыс кен орындарын зерттеудің көпжылдық нәтижелері қорытындыланып, кеңес металлургиясын дамыту үшін олардың орасан зор қорлары негізделді.

1942 жылы елге сіңірген еңбегі мен ғылымға қосқан үлесі үшін оған диссертация қорғамай-ақ, геология және минералогия ғылымдарының докторы дәрежесі берілді.

Атқарылған жұмыстың ауқымы және республикада ғылыми зерттеулерді одан әрі дамыту қажеттілігі филиалдың Қазақстан Ғылым академиясы болып қайта құрылуына әкелді. 1946 жылы 1 маусымда Қазақ КСР Ғылым академиясы ресми түрде ашылып, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев оның тұңғыш президенті болды.

1949 жылы Қ.Сәтбаевтың елу жылдық мерейтойында академик-жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов ғалым жайлы жүрекжарды сөзін арнады: «1926 жылдан санағанда табандай он бес жыл бойында Жезқазған ауданының барлық кен байлығын зерттеді. Жік салмай, желісін үзбей 15 жыл бойы оның зер салғаны бір мұрат еді.Сол ұзақ он бес жыл бойында бар еңбек қайратын, барлық жиған білім құралын бар өмірін бір ғана жөнге жұмсады. Жұмсады да жеңіп шықты, жетіп шықты.

Бұрынғы көшпелі ел жайлаған далада, Сарыарқада, тек киіз үйлі ауылдар ғана мезгіл-мезгіл кезіп өтіп жүрген бір түкпірге зер салған. Сол жерден әлем білмеген байлық табамын деген еді. Сол он бес жыл ішінде Арқаның Жезқазған, Қарсақбай атты атырабында талай да талай басқа қазына ашты. Сол өлкедегі Байқоңырдан, Қияқтыдан көмір кенін өзі тапты. Еспедей елеусіз жерден есілген тағы да қазына ошағын тапты. Қалың қатпар қорғасын мен күміс тапты, Болар заводқа мол қор болардай қара темір, марганец кенін ашты. Үй, дүкен салар тасты, топырақты заттың асылын, тағы талай бұйым тапты. Мыс қорытқанда қоспа боп, себі тиетін тағы бірнеше қосымша кен затын тапты. Алтын мен молибдende бұғып қалған жоқ. Оны да ашты». Заңғар жазушының бұл сөздері Қаныш Имантайұлының баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларын зерделегеннен туған пікір деуге болады.

Қаныш Имантайұлы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының, кейінірек Қазақ КСР Ғылым академиясының басшысы ретіндегі жұмысының басты ерекшелігі ғылыми зерттеулерді жас республиканың экономикалық және мәдени дамуына қызмет етуге жұмылдыра білді. Соғыс кезінде филиал Жезқазған және Балқаш тау-кен металлургия комбинаттары және Кенді Алтайдың тау-кен металлургия кәсіпорындары сияқты Қазақстанның негізгі кәсіпорындарымен тығыз ынтымақтастық орнатты. Ғалымдар өнеркәсіп тапсырысы бойынша ғылыми жобаларды әзірлеп, өндіріс тиімділігін арттырды. Қысқа мерзім ішінде Ғылым академиясының Қазақ филиалы аймақтағы ғылыми ой орталығына айналды, геология, тау-кен ісі, металлургия, химия, биология және гуманитарлық ғылымдар сияқты ғылымның көптеген негізгі салаларында зерттеулерді үйлестіре білді және БАҚ беттерінде жариялап отырды.

Геология және Қазақстанның минералды ресурстарын зерттеу саласындағы жұмысының, сондай-ақ ғылымның әртүрлі салаларындағы терең білімінің арқасында ол тек туған елінде ғана емес, сонымен қатар шетелде де танымал болды. Қ.И. Сәтпаевтың 1946 жылы КСРО Ғылым академиясының толық мүшесі (академик) болып сайлануы маңызды жетістік болды.

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының ғылыми мекемелері мен өнеркәсіптік ұйымдар арасындағы байланыстар белсенді түрде нығайтылып, дамыды. Жас академия өзінің ғылыми базасын кеңейтуді жалғастырды. Оның жалпы басшылығымен әрбір ғылыми институт Ғылым академиясы шеңберінде өз жұмыс бағытын дамытты.

Ғалымның іргелі ғылыми тұжырымдары «Советский Казахстан», «Вестник АН ССР » (геология сериясы), «Вестник казахского филиала АН СССР», «Известия АН СССР» (геология сериясы), сондай-ақ елімізде шығып тұрған газет-журналдарда жиі жарияланып «Үлкен Жезқазған» БАҚ беттерінде Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың мақалалары арқылы танымал болды.

**Рахима НУРИДЕН,**
*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ.*
*Филология ғылымдарының кандидаты,*
*қауымдастырылған профессор.*

# «ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯН» ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ РАСТАЛҒАН ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Биылдан бастап мектептердің тамақтану қызметтеріне ақы төлеу тек «Әлеуметтік әмиян» цифрлық жүйесінің расталған деректері негізінде жүргізіледі. Бұл туралы Үкімет отырысында жасанды интеллект және цифрлық даму бірінші вице-министрі Ростислав Коняшкин мәлімдеді.

Баяндама барысында вице-министр жаңа оқу жылына мектептердің цифрлық инфрақұрылымының дайындығы туралы айтып, интернеттің қолжетімділігі мен сапасына тоқталды.

«Бүгінде мектептердің 92 %-ы жоғары жылдамдықты интернетке қосылған. Қазірдің өзінде 1 276 мектепте интернет жылдамдығы 100 Мбит/с-тен жоғары. 2027 жылға қарай олардың санын 3 222-ге, ал орташа жылдамдықты 90 Мбит/с-ке жеткізуді жоспарлап отырмыз. Біздің міндетіміз – барлық мектепті тұрақты интернетпен қамтамасыз ету және балалардың цифрлық білім беру ресурстарына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету. 2027 жылы жоғары жылдамдықты интернетке қосылған мектептердің үлесін 100 пайызға, яғни 8 мың мектепке жеткізуді жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар заманауи қосылу технологияларына көшуді жалғастырамыз», — деді жасанды интеллект және цифрлық даму бірінші вице-министрі Ростислав Коняшкин.

Сонымен қатар вице-министр «Әлеуметтік әмиян» ақпараттық жүйесіне жеке тоқталып, жүйе әлеуметтік қызметтерді цифрландыруды қамтамасыз ететінін атап өтті.

«2025–2026 оқу жылында осы жүйе арқылы 149 млн тегін ыстық тамақ берілді. 1,6 млн цифрлық ваучер берілді. Биылдан бастап мектептердің тамақтану қызметтеріне ақы төлеу тек расталған деректер негізінде жүргізіледі. Бірінші қыркүйекке дейін тиісті тізімдерді қалыптастырып, дайындық жұмыстарын қамтамасыз ету қажет. Дайындықты 4 өңір растады. Олар – Маңғыстау, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Жетісу облыстары. Барлық өңірлердің жұмысты бірдей қарқында жүргізуі маңызды. Тағы бір бағыт – білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтер. Бүгінде 61 мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Оның 44-і онлайн қолжетімді. 2025–2026 оқу жылында білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтердің 72%-ы электрондық форматта көрсетілді. Ең көп сұранысқа ие қызметтер – балабақша кезегіне қою, құжаттарды қабылдау және балаларды білім беру ұйымдарына қабылдау», — деді жасанды интеллект және цифрлық даму бірінші вице-министрі Ростислав Коняшкин.

Биыл алғаш рет 1-сыныпқа құжат қабылдау жаңартылған Oqu платформасы арқылы жүргізілді. Платформа QazTech-та жүзеге асырылды.

Жүйе ақаусыз жұмыс істеді. Қазірдің өзінде 5 мемлекеттік қызмет көшірілді. Жыл соңына дейін жаңа платформада тағы 5 қызметті цифрландыру жоспарлануда. Цифрлық трансформация балаларға жаңа мүмкіндіктер беруі тиіс.

Астанада халықаралық TUMO креативті технологиялар орталығы жұмыс істейді. Ол 12-18 жас аралығындағы мектеп оқушыларына арналған. Бағдарлама 11 IT-мамандықты қамтиды. Бүгінде Орталыққа 2 168 оқушы белсенді қатысады. TUMO желісі өңірлерде кезең-кезеңімен кеңейіп келеді. Қазір Алматыда орталық ашуға дайындық жүргізілуде. Бұл өңірлердегі жастардың технологиялық білімге қолжетімділігін кеңейтеді. Оның ішінде ауыл жастарына да мүмкіндік береді. Осы бағытта Tomorrow School та дамып келеді. Бұл – халықаралық peer-to-peer моделі бойынша жұмыс істейтін жасанды интеллект мектебі. Студенттер бір-бірінен үйренеді. Дәстүрлі мұғалімдер жоқ. Олар практикалық міндеттерді бірге шешеді. Білімдері мен тәжірибелерімен бөліседі. Барлығы 24 313 өтінім түсті. 2 135 қатысушы төрт апталық іріктеу кезеңінен өтті. 493 студент негізгі оқу кезеңінде. 57 қатысушы оқуын аяқтамай тұрып жұмысқа орналасты. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2026 жылы Tomorrow School желісін кеңейту басталды. Бүгінде желі Қазақстанның барлық дерлік өңірінде дамып келеді. Алдағы уақытта жобаны бүкіл ел бойынша іске қосу жоспарлануда. Бұл өңір жастары үшін заманауи IT-білімнің қолжетімділігін арттырады.

«Жаңа AI университеті – Qazaq AI Research University туралы жеке атап өткім келеді. Бұл – жасанды интеллект саласындағы мамандандырылған зерттеу университеті. Университетке AI-Enabled University ерекше мәртебесі берілген. Жоба Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылуда. Университет AI+X моделі бойынша жұмыс істейді. Бұл модель әртүрлі кәсіби бағыттар бойынша мамандар даярлауды көздейді. Жасанды интеллект әр мамандық бойынша оқытудың бір бөлігі болады. Студенттер AI технологияларын үйренеді. Оларды нақты кәсіби салада қолдануды да меңгереді. Университет халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытып келеді. Қытай Халық Республикасы, Біріккен Араб Әмірліктері және Финляндияның жетекші университеттері мен зерттеу орталықтарымен ынтымақтастық орнатылған. Сондай-ақ халықаралық AI-оқыту платформасын құру жоспарлануда. Бұл білім беру бағдарламаларын кеңейтуге мүмкіндік береді. Әртүрлі елдерден студенттерді тартуға жол ашады», — деді жасанды интеллект және цифрлық даму бірінші вице-министрі.

Тағы бір маңызды нәтиже – мектеп оқушыларының AI құзыреттерін дамыту. Сайыстарды Қазақстанның Спорттық бағдарламалау федерациясы ЖИ министрлігімен бірлесіп ұйымдастырды. Жасанды интеллект бойынша халықаралық олимпиадаға 106 елден 479 қатысушы қатысты. Биыл олимпиада UNESCO қамқорлығымен өтті. Бұл оның халықаралық ауқымын көрсетеді. Сондай-ақ AI білім беруді дамытудағы маңызын айқындайды. Қазақстан құрамасы 8 қатысушыдан құралды. Олар елімізге 2 алтын, 2 күміс және 3 қола медаль әкелді. Даужан Бекетов алтын медаль иеленді. Ол абсолюттік әлемдік есепте 2-орынға ие болды. Жалпы, жаңа оқу жылына дайындық – бұл мектептердің техникалық дайындығы ғана емес.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі білім берудің бірыңғай цифрлық ортасын қалыптастыруда. Бұл – тұрақты интернет пен заманауи цифрлық сервистерден бастап, жасанды интеллект саласында кадрлар даярлаудың практикалық бағдарламаларына дейінгі тұтас экожүйе.

## ЗАҢСЫЗ АКТИВТЕР: ХАЛЫҚҚА ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ?

**Қайтарылған активтердің 610 млрд теңгеден астамы Қазақстан өңірлерін дамытуға бағытталған Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша мемлекетке қайтарылған қаражаттар нақты әлеуметтік және инфрақұрылымдық міндеттерді шешуге бағытталуда. Олардың есебінен өңірлерде мектептер, медициналық және спорттық нысандар, сумен жабдықтау жүйелері мен көлік инфрақұрылымы салынуда және жаңғыртылуда.**

**Бүгінде жалпы сомасы 617,7 млрд теңгеге 500-ден астам жобаны қаржыландыру мақұлданды. Оларды жүзеге асыру жинақталған инфрақұрылымдық мәселелерді шешуге және халықтың базалық әлеуметтік қызметтерге қолжетімділігін жақсартуға мүмкіндік береді.**

## ҚАЗАҚСТАНДА 72 ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫН РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ АЯҚТАЛДЫ




**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың теміржол вокзалдары мен олардың инфрақұрылымын абаттандыру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында Қазақстанда 124 вокзалды реконструкциялау бойынша ауқымды бағдарламасы жүзеге асырылуда, деп хабарлайды Primeminister.kz.**

Жұмыстар вокзал инфрақұрылымын кешенді жаңғыртуды көздейді, олар: ғимараттар мен инженерлік желілерді жаңарту, платформалар мен вокзал маңындағы аумақтарды реконструкциялау, күту залдарын кеңейту, заманауи қауіпсіздік жүйелерін, лифтілер мен көтергіш құрылғыларды орнату, сондай-ақ кедергісіз орта құру. Ең қатты тозған нысандарда ескі ғимараттар толығымен бұзылып, орнына жаңа жолаушылар кешендері салынды.

2026 жылғы 20 тамыздағы жағдай бойынша, Үкімет еліміздің 17 облысында 72 теміржол вокзалын реконструкциялауды аяқтады. Тамыз айының соңына дейін тағы 34 вокзалды пайдалануға беру жоспарлануда, 15 нысанда жұмыстар қыркүйек айының соңына дейін бітеді.

Жалпы алғанда, 2026 жылы 124 вокзалдың 121-ін реконструкциялау жоспарлануда. Тағы үш ірі нысан – Астана, Алматы және Түркістан вокзалдары 2027 жылы аяқталады. Олардың тарихи-архитектуралық құндылығы бар, сондықтан жұмыстар ғимараттардың бастапқы сәулеттік келбетін сақтауға қойылатын талаптарды ескере отырып, жеке кесте бойынша жүргізілуде.

Вокзалдарды жаңғырту инфрақұрылымды артып келе жатқан жүктемеге бейімдеуге және ірі тораптық стансалармен қатар өңірлерде де жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз етеді.

Қабылданып жатқан шаралар теміржол инфрақұрылымының сенімділігін арттыруға, қызмет көрсету сапасын жақсартуға және жолаушылар үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Теміржол тасымалын дамыту және вокзалдарды жаңарту аясында жолаушылар ағынының одан әрі өсуі күтілуде, бұл көлік тораптарына жүктемені арттырады және қызмет көрсетудің заманауи стандарттарын сақтауды талап етеді.

Анықтама:

Ауыл, Белағаш, Қонаев, Ақкөл, Курорт-Боровое, Макинка, Шортанды, Аққыстау, Ганюшкино, Риддер, Шемонаиха, Талдықорған, Қазақстан, Семиглавый Мар, Шыңғырлау, Айса, Нұра, Қарағанды-Сұрыптау жұп, Қарағанды-Сұрыптау тақ, Жаңа-Қарағанды, Құсмұрын, Аманқарағай, Талап, Жаңақорған, Қазалы, Шиелі, Бозшакөл, Тайынша, Жаңаесіл, Саумалкөл, Теміртау, Жақсы, Қарасор, Шетпе, Жетісу, Сарыоба, Аршалы, Сарыбел, Дария, Мырза, Шамалған, Железорудный, Ұзынағаш, Сексеуіл, Сағыз, Доссор, Мақат, Ақадыр, Тимур, Арыс-2, Мойынты, Жалтыр, Державинск, Ерейментау, Еркіншілік, Өлеңті, Шалқар, Шұбарқұдық, Боранды, Көктұма, Ақши, Шідерті, Қалқаман, Манкент, Жаңаарқа, Қызылжар, Қаражал, Орал, Алтай, Күмістау, Арқалық, Түлкібас вокзалдары пайдалануға берілді.

**Primeminister.kz.**

## Открылось наследство

*** Открылось наследство после смерти гр. Санькова Дмитрия Олеговича, умершего 06.05.2007 г. Наследникам обращаться к нотариусу Досимбековой Т.В. г.Шымкент ул. Иляева 4-81 тел. 8 701 717 45 71.

*** Открылось наследство после смерти гр. Межинской Зинаиды Сергеевны, умершей 01.08.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Накиповой А.Ш. г.Шымкент ул. Толеби 39 тел. 8 778 591 80 98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Амирова Худоера, умершего 16.02.2016 г. Наследникам обращаться к нотариусу Сагындыковой К.Ж. г.Шымкент ул.Казыбек би 49. тел. 8 702 957 94 35.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кочеровой Менеша, умершей 10.01.2023 г. Наследникам обращаться к нотариусу Маханбетовой К.Т. г.Шымкент мкр.Терискей дом 1. тел. 8 775 196 18 12.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тулегенова Жапаша, умершего 23.08.2016 г. Наследникам обращаться к нотариусу Ахметовой Г.Т. Туркестан.обл. г.Ленгер ул. Толеби 231.тел. 8 775 059 09 86.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тян Риммы Николаевны, умершей 02.08.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Ормантаевой Р.Ж. г.Шымкент мкр.8 дом 8 А,кв.31 тел. 8 702 160 90 50.

*** Открылось ьнаследство после смерти гр. Бекметова Митгадбека Касымовича, умершего 19.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тен Элеоноры Николаевны, умершей 02.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандосовой Г.С. г.Шымкент ул.Байтурсынова 5,14. тел. 8 702 888 07 08.

*** Открылось наследство после смерти гр. Оразбек Олжаса Оразбекулы, умершего 29.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент ул.Калдаякова 8-7 тел. 8 776 223 44 50.

***Открылось наследство после смерти гр. Салиховой Нурии Рахимжановны, умершей 29.05.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Мамыковой Н.Т. г.Шымкент ул.Кабанбай батыра 28/4 тел. 8 702 996 27 79.

*** Открылось наследство после смерти гр. Новик Вячеслава Ивановича, умершего 01.08.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Кенжебековой А.М. г.Шымкент пр. Республики дом 20/24. тел. тел. 8 701 550 09 89.

***Открылось наследство после смерти гр. Турганбековой Женискуля Таргаковны, умершей 22.03.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул.Уалиханова 219-41.тел. 8 777 887 47 77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Каратай Аяжана Айтубеккызы, умершей 12.08.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Кожановой Д.Р. г.Шымкент Тамерлан. шоссе 22 тел. 8 771 307 55 22.

*** Открылось наследство после смерти гр. Жанбырбаевой Аймбалы Кемпирбаевны, умершей 23.08.2024 г. Наследникам обращаться к нотариусу Мырзакелдиевой А.Т. г.Шымкент пр.Республики 27/24. тел. 8 701 554 77 21.

*** Открылось наследство после смерти гр. Рауповой Муяссары Абдрахмановны, умершей 03.05.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент ул.Калдаякова 8-7 тел. 8 776 223 64 50.

*** Открылось наследство после смерти гр. Салболтаева Ханибека Рысдаулетовича, умершего 17.05.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Досимбековой Т.В. г.Шымкент ул. Иляева 4-81 тел. 8 701 727 45 71.

*** Открылось наследство после смерти гр. Зинченко Алексея Сергеевича, умершего 08.06.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Кыдыровой Л.К. г.Шымкент Ташкентское шоссе б/н тел. 8 701 482 99 54.

*** Открылось наследство после смерти гр. Загура Бориса Петровича, умершего 22.01.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент ул. Калдаякова 8-7 тел. 8 776 223 64 50.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сабденова Мухтара Саудабаевича, умершего 02.03.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сиверцевой Надежды Владимировны, умершей 10.08.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Сазанбаевой Р.Т.Ткрестан. обл. г.Ленгер ул. Бектайулы 79 тел. 8 776 366 19 72.

*** Открылось наследство после смерти гр. Валиханова Бахрама, умершего 04.03.2026 гНаследникам обращаться к нотариусу Жандосовой Г.С. г.Шымкент ул.Байтурсынова 5,14. тел. 8 702 888 07 08.

*** Открылос наследство после смерти гр. Чункабаевой Гулноры Спадыяровны, умершей 18.11.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Кенжебековой А.М. г.Шымкент пр.Республики 20/24.тел. 8 701 550 09 89.

*** Открылось наследство после смерти гр. Елубаева Марата Жолтаевича,умершего 05.03.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Мырзахметовой Алимы Ибаидулиевны, умершей 30.04.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Алимову Е.Р. Туркестан.обл. с. Рыскулова ул. Жантурова 22 тел. 8 701 164 16 40.

*** Открылось наследство после смерти гр. Орашовой Жанилхана, умершей 23.05.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Досымбековой Т.В. г.Шымкент ул. Иляева 4-81 тел. 8 701 727 45 71.

*** Открылось наследство после смерти гр. Толыкбаева Умирбека, умершего 21.06.2011 г. Наследникам обращаться к нотариусу Умирбековой М.А. г.Шымкент пр. Кунаева 59 тел. 8 707 447 87 13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ткаченко Тамары Сергеевны, умершей 26.04.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Асильбековой Г.М. г.Шымкент ул. Бейбитшилик 22. тел. 8 705 895 71 81.

*** Открылось наследство после смерти гр. Золотовой Елены Анатольевны, умершей 19.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Кожановой Д.Р. г.Шымкент Тамерлан. шоссе 22 тел. 8 771 307 55 22.

*** Открылось наследство после смерти гр. Канаевой Раии Абжановны, умершей 02.02.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Ахметовой Г.Т. Туркестан. обл. г.Ленгер ул. Толеби 231.тел. 8 775 059 09 86.

*** Открылось наследство после смерти гр. Зарбиева Рината Шамильевича, умершего 21.09.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Дуйсенову М.Т. г.Шымкент пр.Тауке хана 88 тел. 8 701 716 27 82.

*** Открылось наследство после смерти гр. Амандыкова Тулкуна Алиакбаровича, умершего 30.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти тгр. Калдыбаевой Лауры Кынашбековны, умершей 25.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Абдуллабековой А.Е. г.Шымкент ул. Орынбаева 23 тел. 8 705 692 77 64.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кравченко Надежды Павловны, умершей 11.11.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Айнабаевой С.И. г.Шымкент ул.Сайрамская 235/1 тел. 8 705 285 07 08.

*** Открылось наследство после смерти гр. Шери Сейфали Мырзаулы, умершего 30.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Мешитбаева З.Д. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г,ЦОН 1-этаж тел. 8 771 383 43 47.

*** Открылось наследство после смерти гр. Карсыбаевой Кнаш, умершей 08.08.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул. Рыскулова 80 тел. 8 707 848 38 58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сексенбаева Камыта Баратбаевича, умершего 02.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусуЖумашевой А.К. г.Шымкент ул.Байтерекова 89 тел. 8 778 330 24 83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Выборновой Анны Ивановны, умершей 21.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Боранбековой С.С. г.Шымкент Тамерлан.шоссе 43 Б/1. тел. 8 775 969 40 66.

*** Открылось наследство после смерти гр. Собянтной Софьии Мухамедовны, умершей 12.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Мухитдиновой З.Е. г.Шымкент ул.Момышулы 4/15 тел. 8 701 657 18 54.

*** Открылось наследство после смерти гр. Байжановой Розы Ордабековны, умершей 27.10.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумашевой А.К. г.Шымкент ул.Байтерекова 89 тел. 8 778 330 24 83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Мусаева Талгата Кадыровича, умершего 06.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Джанпеисовой М.А. г.Шымкент ул.Адырбекова 34 тел. 8 747 357 52 62.

## Жарамсыз деп танылсын

***** 1964ж. туылған Наурызбекова Гулсара Кусейбековна атына тіркелген Шымкент қаласы Жиделібайсын шағын ауданы Тасқала көшесі 3 үйдің құжаттары: сату-сатып алу келісім шарты, мемлекеттік актісінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.**

***** 1992 ж. туылған Ақбердиев Мұрат Елікбайұлы атына тіркелген Шымкент қаласы Төлеметов көшесі 20 А үй,56 пәтердің толық құжаттары: ДДУ келісім шарты, Отбасы банкпен тұрған келісім шарттарының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.**

## Ликвидация

***ТОО"Султан-Стом" объявляет о своей ликвидаций БИН 050840006046, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Теспе дом 62.

*** ТОО"U-Tanat"объявляет о своей ликвидаций БИН 220240034363, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент мкр. Коргасын ул. Байтореева 57.

*** ТОО"Diamond Mind" объявляет о своей ликвидаций БИН 201040025297, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр. Нурсат дом 103.

*** Общественный Фонд "Жылы жүрек" объявляет о своей ликвидаций БИН 241140020455, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул.Калдаякова 3.

***Объединение собственников имущества"Шымкент тас жолы" объявляет о своей ликвидаций БИН 231040013467, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Туркестан мкр.Жана кала ул.Шымкент тас жолы дом 6.

***ТОО"Бәйтерек 01" объявляет о своей ликвидаций БИН 230240006290, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан Туркестан.обл. г.Арыс ул.Мадали Жусипкожы 20.

*** ТОО"BASTAU STUDENTTER UYI" объявляет о своей ликвидаций БИН 240340017935, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Туркестан ул.Айтеке би здание 35 А.

*** ТОО"OneMed Group" объявляет о своей ликвидаций БИН 250740020694, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Алматы пр. Гагарина дом 133 кв.55.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО "NEW Ломбард" объявляет о проведения торгов реализаций ювелирных изделий 27.08.2026 г-28.08.2026г. в 11:00 часов по адресу г.Шымкент Рынок "Самал"
**тел. 8 778 341 05 35.**

АЙҒАҚ
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.
Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС
Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА - Бас редактор
Арайлым ӘБСАҒАТ - журналист
РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:
160000, Шымкент қаласы, Ғ. Іляев көшесі, 29.
E-mail:aigak@mail.ru www.aigak.kz
Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Мұхтар СЕРІКБАЕВ - Тарату бөлімі
Ұлжалғас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама
А Мақаланың жариялану ақысы төленген.
Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 778 777 34 62
Газет таратйтын облыстар мен қалалар:
Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қараганды, Теміртау, Шымкент.
Жазылу индексі 65836 16+
Газет редакцияның компьютер орталығында терілін, «M-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18.
Тапсырыс: №214
Таралымы: 5100
Нөмірдің кезекші редакторы - Әлия ҚҰРАЛБЕК

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
«Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағынан жер учаскелері туристік және рекреациялық мақсатта пайдалануға жалға беру туралы ұлттық парктің интернет желісінде және «Айғақ» Республикалық газетінде 05.08.2026 жылғы №32 санды баспа бетінде жарияланған хабарландыруға байланысты, төмендегі кесте бойынша лот жеңімпаздары болып танылды.

| № | Объектінің атауы | Орналасқан жері | Аумағы, га | Учаскі (лот) | Жеңімпаздар |
|---|---|---|---|---|---|
| **Төлеби филиалы** | | | | | |
| **Сайрамсу орманшылығы** | | | | | |
| 1 | Туристерге қызмет көрсету объектісі | Сайрамсу шатқалы №6 орамның №7,8,9 телімдері | 3,0 | №3 | «Alpina» ЖШС директоры А. Нұрымбетовке |
| 2 | Туристерге қызмет көрсету объектісі | Сарыайғыр шатқалы №17 орамның №25 телімі | 4,0 | №8 | **«Бесбөліс» ЖШС директоры У.О Зубайдуллаева**<br>**Конкурстық құжаты түгел болмағандықтан жеңімпаз болып танылмады** |
| 3 | Туристерге қызмет көрсету объектісі | Сарыайғыр шатқалы №17 орамның №4,5 телімдері | 2,0 | №9 | «KazExpert Trade» ЖШС директоры Н. Кобланова |
| 4 | Туристерге қызмет көрсету объектісі | Қасқасу шатқалы №14 орамның №1,7,8 | 2,5 | №10 | «SKY зона отдыха» ЖШС директоры Г.Т. Тұрлыбекова |
| 5 | Туристерге қызмет көрсету объектісі | Сайрамсу шатқалы №6 орамның №52,61,69,70,75 телімдері | 2,0 | №12 | «Хансұлтан» ЖШС директоры У.Туякбаева |
| 6 | Туристерге қызмет көрсету объектісі | Сарыайғыр шатқалы №4 орам №20,23,24 телімдері | 2,0 | №13 | «Sary Aigyr» ЖШС директоры Г.Т. Мүрсәлім |
| 7 | Туристерге қызмет көрсету объектісі | Сайрамсу шатқалы, №4 орамның №3, 4 телімдері №5 орамның №1 телімі | 1,0 | №16 | «Pana Kaskasu» ЖШС директоры С.К. Джанабаева |
| 8 | Туристерге қызмет көрсету объектісі | Қасқасу шатқалы №14 орамның №16, 20 телімдері | 1,0 | №18 | **«Бесбөліс» ЖШС директоры У.О Зубайдуллаева**<br>**Конкурстық құжаты түгел болмағандықтан жеңімпаз болып танылмады** |
| **Біркөлік орманшылығы** | | | | | |
| 9 | Туристерге қызмет көрсету объектісі | Біркөлік шатқалы №15 орамның №37,38,39,40,41,42 телімдері | 7,0 | №24 | «А Ш А-А» ЖШС директоры К.П. Мадиев |
| **Түлкібас филиалы** | | | | | |
| **Көкбұлақ орманшылығы** | | | | | |
| 10 | Туристерге қызмет көрсету объектісі | Балықты көлі №43 орамның №6,11, 16, 18, 19, 20 телімдері | 2,0 | | «Темірші» ЖШС директор Т.Т. Ерген |

## ХАБАРЛАНДЫРУ

"№57 жалпы орта білім беретін мектеп" КММ, ҚР Экологиялық Кодексінің талаптарына сәйкес, Шымкент қ., Абай ауданы, Бозарық мөлтек ауданы, Ағыбай батыр көшесі 463А орналасқан мектебі «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобасына жария талқылау жүргізеді. Жария талқылауға шығарылатын материалдармен танысуға болады, ал кейін және жарияланған хаттамамен интернет ресурс арқылы танысуға болады: Ұлттық деректер бюросы қоршаған орта және табиғи ресурстар жағдайы https://ndbecology.gov.kz/.

Ескертулер мен ұсыныстар порталда 07.09.2026ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Байланыс телефондары эл.пошта: - «Буровые системы» ЖШС жобасын әзірлеуші, БСН 210640039634, ЖСК KZ68601A891000008811 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, тел.87771510355 Kairat6220@mail.ru олар бойынша қосымша ақпарат және жоспарланған қызмет бойынша құжаттардың көшірмелерін алуға болады;

- "№57 жалпы орта білім беретін мектеп" КММ: Шымкент қ., Абай ауданы, Бозарық мөлтек ауданы, Ағыбай батыр көшесі 463А, БСН:991240002872, ЖСК: KZ58070102KSN5901010, "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

КГУ "Общеобразовательная средняя школа №57" в соответствие с требованием Экологического Кодекса РК, проводит публичное обсуждение к проекту раздел «Охрана окружающей среды» на школу расположенный в г.Шымкент, Абайский район, микрорайон Бозарык, ул.Агыбай батыра 463А.

С материалами по которой можно ознакомиться, выносимые на публичные обсуждения, а после и с опубликованным протоколом можно по интернет ресурсу: НБД СОС и ПР https://ndbecology. gov.kz/.

Замечания и предложения принимаются на портале с 07.09.2026г. в течении 5 рабочих дней.

Контактные телефоны эл.почта:

- разработчик проекта ТОО «Буровые системы» г.Туркестан, БИН 210640039634, ИИК KZ68601A891000008811, АО «Народный Банк Казахстана», тел.87771510355, эл.почта Kairat6220@mail.ru по которым можно получить дополнительную информацию и копии документов по намечаемой деятельности;

- КГУ "Общеобразовательная средняя школа №57": г.Шымкент, микрорайон Бозарык, ул. Агыбай батыра 463А. БИН: 991240002872, ИИК: KZ58070102KSN5901010, РГУ «Комитет Казначейства Министерства финансов РК»

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тазалық-СК» ЖШС-гі 28.09.2026 жылы Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Ақжар е/м, Үштау көшесі, н/ж мекенжайда Ақжар е/м әкімдік ғимаратында «Құрылыс қалдықтарын өңдеу және сұрыптау кешені» жобасына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Сағат 10:00-де Ықтималы әсерлер туралы есеп бойынша Конференцияға онлайн қосылу: https://us05web.zoom.us/j/88680351334?pwd=mtmy8qUNDzhxE7wwowayHCN8iIVOsT.1

Конференция идентификаторы: 886 8035 1334

Кіру коды: 3yLZP5 Сағат 11:00-де Қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін материалдары бойынша Конферецияға онлайн қосылу: https://us05web.zoom.us/j/83649549523?pwd=fHKmGULe07cpAdjaoJa6RdUbwqt2Ta.1

Конференция идентификаторы: 836 4954 9523

Кіру коды: 2dgFMk Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттармен келесі https://ndbecology.gov.kz/ порталда танысуға болады, сондай-ақ Жергілікті атқарушы «Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы» КММ-нің сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=ru танысуға болады. Мекенжайы: Шымкент қаласы, Таукен хан даң., 6 e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz

Бастамашы: «Тазалық-СК» ЖШС, мекенжайы: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Кеңесары көшесі, 1. БСН 240440030877, тел. +77784443078

Орындаушы: ИП «Tabigat8», г. Шымкент, 189 кварт. тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru

«Тазалық-СК» ЖШС барлық ниет білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекен-жайы бойынша енгізе алады: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz

Жобаның қағаз жүзіндегі материалдармен Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Кеңесары көшесі, 1 мекен-жайы бойынша танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға: +77784443078

Географиялық координатасы: Ендік: 42қ11'13.66"С Бөлдік: 69қ29'24.44"В

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тазалык-СК» объявляет о проведении 28.09.2026 года в здании акимата ж/м Акжар по адресу: г. Шымкент, район Туран, Акжар ж/м, ул. Уштау б/н. общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту «Предприятие по переработке и сортировке строительных отходов». В 10:00 часов – по отчету о возможных воздействиях

Подключиться к конференции https://us05web.zoom.us/j/88680351334?pwd=mtmy8qUNDzhxE7wwowayHCN8iIVOsT.1

Идентификатор конференции: 886 8035 1334

Код доступа: 3yLZP5 В 11:00 часов – по материалам для получения разрешения на воздействие Подключиться к конференции https://us05web.zoom.us/j/83649549523?pwd=fHKmGULe07cpAdjaoJa6RdUbwqt2Ta.1

Идентификатор конференции: 836 4954 9523

Код доступа: 2dgFMk

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на портале https://ndbecology.gov.kz/, а также на сайте https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=ru

Местного Исполнительного Органа ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, пр.Тауке хана, 6 e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz в разделе «Общественные слушания».

Инициатор: ТОО «Тазалык-СК» адрес: г. Астана, район Сарыарка, улица Кенесары, 1 БИН 240440030877, тел. +77784443078

Исполнитель проекта: ИП «Tabigat8», г. Шымкент, 189 квартал, дом 33 тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru

ТОО «Тазалык-СК» приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz.

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: г. Астана, район Сарыарка, улица Кенесары, 1 По всем вопросам обращаться по телефонам: +77784443078

Географические координаты: Широта: 42қ11'13.66"С Долгота: 69қ29'24.44"В

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Fabe Agro» ЖШС «Шымкент қ., Қаратау ауданы, Мәртөбе т., орналасқан жылыжай кешенінің құрылысы» жұмыс жобасы үшін ҚОҚ бөліміне жария талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Жобалық құжаттама ҚО ТРЖ ҰДБ порталдың (https://ndbecology.gov.kz/) 2026 жылғы 2 қыркүйектен бастап 5 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады. Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады ndbecology.gov.kz. Қосымша ақпаратты 87057570052 телефоны арқылы алуға болады

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Fabe Agro» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений на раздел ООС для рабочего проекта «Строительство тепличного комплекса расположенного по адресу: г.Шымкент, район Каратау, ж.м. Мартобе». Проектная документация будет доступна на портале НБД СОС и ПР (https://ndbecology.gov.kz/) со 2 сентября 2026 года в течение 5 рабочих дней. Замечания и предложения принимаются: по ссылке ndbecology.gov.kz. Дополнительную информацию можно получить по телефону 87057570052.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы Түркістан облысы Келес ауданы Ішкі саясат бөлімі басшысы Дәурен Илесовке әкесі

**Оразбай Тұрапұлы ИЛЕСОВТЫҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

## ВАУЧЕРЛІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ПИЛОТЫ БАЛАБАҚША КЕЗЕГІНІҢ ҚЫСҚАРУЫНА ЫҚПАЛ ЕТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Оқу-ағарту министрлігі мемлекеттік қызметтер көрсету мен мектепке дейінгі білім беру тапсырысын орналастырудың жаңа механизмін әзірледі.

Бұған дейін балабақша орындарына кезектің вертикалды қағидатпен қалыптасуы, мемлекеттік тапсырыстың нақты бір мектепке дейінгі ұйымға бекітілуі және қаржыландырудың нақты қажеттілікке сай бөлінбеуі бірқатар мәселені туындатты. Олардың қатарында жалған контингентті тіркеу, балабақшалар арасындағы бәсекелестіктің шектелуі және бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылуы бар.

Жаңа механизм аясында директердің дұрыстығын тексеріп, бұзушылықтарды анықтайтын тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді. Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға және мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлудің объективтілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда ваучерлік қаржыландыру бойынша пилоттық жоба 20 қала мен 23 ауданда іске асырылуда. Оған 6 мыңға жуық мектепке дейінгі ұйым қатысуда. Жоба аясында 1 миллионнан астам ваучер берілді.

Жаңа механизмді іске асыру нәтижесінде мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылған балалар саны артты. Сонымен қатар кезекте тұрған 2-6 жастағы балалар саны 160 мыңнан 23 мыңға дейін қысқарды. Пилоттық жоба аясында 35 млрд теңгеден астам бюджет қаражаты үнемделді. Үнемделген қаражат есебінен қосымша ваучерлер берілуде.'

Жаңа модель мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің ашықтығын қамтамасыз етуге, бюджет қаражатын тиімді пайдалануға, сондай-ақ білім беру қызметтерінің сапасы мен мектепке дейінгі ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр.